

**Сыныптан тыс іс - шара**

<b>Пән</b>	Сыныптан тыс іс - шара
<b>Мұғалім</b>	Мухатаева М.М.
<b>Мектеп, сынып</b>	ЖББТМИ, 4 «А»
<b>Ортақтақырып</b>	Басты құндылық – рухани тазалық пен табиғатқа сүйіспеншілік

<b>Сабақтың тақырыбы</b>	<b>«Экология – табиғаттың жүрегі»</b>		
<b>Жалпы мақсаты</b>	Оқушыларға Елбасымыз Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласына байланысты іс-шаралардың жүргізілуі жөнінде түсінік бере отырып, туған жердің табиғатын сақтауды түсіндіру, қоршаған ортаның ластануы тіршілік иелеріне зиян келтіретініне көзін жеткізу, рухани сауатты, саналы болуға тәрбиелеу.		
<b>Міндеттері</b>	1. Балқаш қаласының экологиялық ахуалы жайлы білімдерін толықтырады. 2. Экологиялық күзіндеттіліктерін дамытады. 3. Қоршаған ортаның ахуалымен таныса отырып, экологиялық тәрбие алады. Қоршаған ортаны қорғауды үйренеді.		
<b>Табыс критерийлері</b>	<b>Барлық оқушылар:</b> Экологиялық тәрбие алады. <b>Көпшілік оқушылар:</b> Функционалдық сауаттылықтары артады, өз ойларын жеткізе алады, қорытынды шығарады. <b>Кейбір оқушылар:</b> Балқаш қаласының экологиялық жағдайын жақсартуға өз үлестерін қосады.		
<b>Сабақтың түрі</b>	<b>«ЭКО» сабақ</b>		
<b>Әдіс-тәсілдер</b>	Сұрақтарға жауап беру, топтық жұмыс		
<b>Қолданылатын құралдар</b>	Интербелсенді тақта, бейнеролик, қаланың сәулетті жерлерінің суреттері, түрлі-түсті қағаздар, жабыстырғыш, қайшы. т.б. тірек сөздер, BilimLand интернет ресурстары.		
<b>Қолданылған ресурстар</b>	Галамтор		
<b>Сабақтың формасы</b>	Топтық, ұжымдық		
<b>Қолданылатын әдіс-тәсілдер</b>	Болжау әдісі, сұрақ-жауап, сын тұрғысынан ойлау стратегиялары, ойындар, интерактивті жаттығулар, жеке, топтық жұмыс.		
<b>Сабақ кезеңдері</b>	<b>Мұғалімнің іс-әрекеті</b>	<b>Оқушының іс-әрекеті</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>Ұйымдастыру 1 минут</b>	- Сәлемдесу. - Оқушыларға эмблема таңдату арқылы 3 топқа бөлу.	Эмблема таңдайды	Эмблемалар: Адам, тал, су тамшысы
<b>«Ой шақыру» 2 минут</b>	Экраннан тақырыпты ашу үшін <b>ребус</b> көрсетіледі, оны табу қажет. Табылған сөз - «Экология»	Ребус шешеді	Слайд материалдары
<b>Негізгі бөлім Мұғалім сөзі 2 минут</b>	Экология гректің "oikos"- "үй, мекен, жай" деген мағынаны білдіреді. Экология терминін ғылымға бірінші болып енгізген <b>1866 ж.</b> белгілі табиғат зерттеушісі,	Экранға назар салады	Слайд материалдары

<p>Ұпайлы сұрақтарға жауап беру <i>8 минут</i></p>	<p>дәрігер, аса дарынды неміс ғалымы <b>Эрнест Геккель</b>. Экология бір ортада өмір сүретін организмдерді зерттейді, олардың басқа организмдермен және қоршаған ортамен ара қатынастарын анықтап, жиынтық қорытынды жасайтын ғылым. Сондықтан «экология» қоршаған ортаны сақтаудың ғылыми негізі болып саналады</p> <p>Біз де бүгін осы тақырып төңірегінде іс – шарамызды жалғастырып, қоршаған ортаға пайдалы үлесімізді тигізейік. Ол үшін әр топ өздеріне ұпай жинап, экрандағы <b>сұрақтарға жауап</b> береді. Ұпай жинау барысында қоқыстар жайында сұрақтар кездесті. Соған байланысты <b>«Сәйкестендір»</b> тапсырмасын орындап көрейік. <b>Тапсырма 1</b> Тізімде берілген өнімдерді қалдық атауымен сәйкестендіріңіз.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Жарайсындар! Экрандағы дұрыс жауаптармен тексеріп көрейік. Барлығы дұрыс болса, 20 ұпай аламыз</li> </ul>	<p>Экрандағы сұрақтарға жауап беріп, ұпай жинайды</p> <p>Сәйкестендіру тапсырмасын орындайды Талдау жасайды</p> <p><b>1-оқушы:</b> Мен өсімдіктің өскінін «Ауа» сөзінің тұсына қойдым. Себебі, өсімдік біздің ауамызды тазартады..</p> <p><b>2-оқушы:</b> Мен топырақты «Жер» сөзінің тұсына апардым. Себебі топырақ жерден алынады.</p> <p><b>3-оқушы:</b> Су – сұйық зат, оның пішіні болмайды. Суды тек ыдысқа құйып қана қолдана аламыз. Сол себепті мен ыдысты «Су» сөзінің жанына апардым.</p>	<p>Слайд: ұпайлы сұрақтар; Топтарға таратпа ұпайлар</p> <p>*«Сәйкестендір» таратпа материалы *Слайд: қалдықтардың жойылу мерзімі көрсетілген кесте</p> <p>*Ұпай таратпа материалы</p>
<p>Сәйкестендіру <i>3 минут</i></p>	<p>Экраннан қалдықтардың жойылу мерзімі көрсетіледі. Оқушылармен талдау.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Жақсы, дұрыс айтасыздар. Енді біраз сергіп алу үшін <b>«Бір сәтке»</b> ойынын ойнап көрейік. Әр топқа өсімдік, топырақ, ыдыс берілген, АУА, ЖЕР, СУ сөздерінің жанына әр топ өздерінің қолындағы заттарды орналастыру керек.</li> <li>- Жарайсыздар! Тұжырымдарыңыз өте дұрыс</li> </ul>	<p>Экранда берілген сөйлемдерді аяқтайды, гүл отырғызады</p>	<p>*Заттар: жасыл өскін, топырақ, ыдыс</p>
<p>Қорытынды бөлім <i>2 минут</i></p>	<p>Рефлексия «Гүл отырғызу» Әр топ мүшесі берілген сөздерді жалғастыра отырып, гүл отырғызу жұмысын атқарады: 3 – топ: ыдысқа тастар мен топырақты құяды, 2 – топ: топыраққа гүлді</p>	<p>Экранда берілген сөйлемдерді аяқтайды, гүл отырғызады</p>	<p>*ыдыс, топырақ, гүл өскіні, су</p>

<p>Мұғалім сөзі 2 минут</p>	<p>отырғызады, 1 – топ: суарады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Еңқызықтыболғаны...</li> <li>• Маған ой салғаны... <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мен</li> </ul> </li> </ul> <p>мынадайсезімдеболдым...</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мағанұнағаны...</li> <li>• Менімазалағаны...</li> </ul> <p>Мұғалім: Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Жастар елімізге шынайы көзбен қарап, өз тағдырларына өздері иелік ете алатын азаматтар болуы керек» деген болатын. Бұл ең алдымен адамның туған елге, туған жерге деген сүйіспеншілігінен туындайды. Туған жердің ауасы, суы, нуы – бәрі-бәрі тек жақсылықты бойына сіңірген табиғи таза, мөлдір, рухани құндылықтардың нұрынан құралады. Ендеше, Отанға деген шынайы махаббатты әркім өзінің адалдығы мен тазалығынан бастайтын уақыт жетті.</p>		
---------------------------------	--	--	--